**Астана қ.әкімдігінің «№91 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК**
**№ 6 Педагогикалық кеңесі**
**Тақырыбы: «Педагогикалық кадрларды көтермелеу жүйесіне сәйкес марапаттау туралы»**

**Күні: 27.06.2023**
**Өткетін орны: 91 мектеп-гимназия**
**Уақыты: 17.00-18.00**
**Форматы: онлайн**

**Күн тәртібі:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы. (Мектеп директоры А.Т. Сегізбай).
2. "Білім және ғылым министрінің Алғысы", "Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы", "Орта білім беру ісінің үздігі" құрмет дипломы, т.б. көтермелеулерді алу талаптары мен критерийлер туралы. (директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасар Д.К. Касиенова)

1. Тындалды: А.Т. Сегізбай Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 324 бұйрығымен таныстырып, салалық көтермелеу жүйесі бойынша марапаттар беру кезіндегі алгоритмі туралы айтып берді.

1. Шешімі: Білім министрлігінің марапаттары мен көтермелеулерімен педагогтерді марапаттау кезінде марапаттау ережелері мен алгоритмі назарға алынсын.

**2.** Тындалды: Д.К. Касиенова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігімен бекітілген көтермелеулер мен марапаттау үшін кандидаттарға қойылатын талаптар мен критерийлермен таныстырды.

Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері келесі кандидатураларды ұсынды:

**«Білім және ғылым министрінің Алғысына»:**

**Бегилдаева Тынык Бейсеновна**, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-модератор, педагогикалық өтілі 13 жыл. Оқушылары қалалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 13,1;

**Перетолчин Евгений Николаевич**, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы, педагогикалық өтілі 6 жыл, «Педагогикалық идеялардың панорамасы» қалалық байқауының жеңімпазы, республика кезеңінің грамота иегері, оқушылары қалалық олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, республика кезеңінің ғылыми жоба конкурсының жеңімпазы. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 15,7;

**Балабекова Айман Темиркеевна**, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогикалық өтілі 37 жыл, вице-министрдің «Алғыс хат» иегері, әдістемелік мақалалырдың авторы, оқушылары қалалық олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 20.

**«Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасына»:**

**Гылымбекова Айгерим Советпековна,** тарих пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы, педагогикалық өтілі 12 жыл. Білім және Ғылым министірлігінің Алғыс хат иегері, «Үздік педагог» байқауының қатысушысы, мектептік дебат клубының жетекшісі, HertsCam Network қауымдастығы Ұлыбритания және Назарбаев университетінің бірлескен «Қазақстан көшбасшы ұстаздары» атты жобаның фасилитаторы, оқу-әдістемелік құралдардың авторы, «Теле-сабақ» жобасының қатысушысы, оқушылары қалалық олимпиада мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 26,2;

**Хамзина Айнур Мырзабековна**, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогикалық өтілі 21 жыл. Білім Министрінің Алғысының иегері, олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындайтын бастауыш сынып мұғалімі, бастауыш білім деңгейі бойынша оқу әдебиеттерге сынақ жүргізу үшін апробатор-мұғалім. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 24.2.

**«Орта білім беру ісінің үздігіне»:**

**Сугирбекова Айман Избасаровна**, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер. Педагогикалық өтілі 32 жыл. "Білім және ғылым министрінің құрмет грамотасының иегері, Microsoft Innovative Educator Expert халықаралық байқауының жеңімпазы, «Абайтану» авторлық бағдарламаның авторы, «Қазақ әдебиетінен электрондық диактикалық материалдар жинағының авторы, оқушылары қалалық олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 35,8;

**Абраимова Гульназ Тлеубердыкызы,** химия және биология пәндерінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, Үлгілік оқу бағдарламаларын сарапшысы, «Үздік пән мұғалімі» байқауының қатысушы, ТВ-сабақ жобаның қатысушы, "Білім және ғылым министрінің Алғысы", "Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасының иегері, оқушылары қалалық олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Жұмыс көрсеткіштер бойынша алған ұпайлар - 17,3.

**«Еңбек ардагері» медалі» :**

**Айсанова Айнагул Амангельдиевна,** орыс тілі пәнінің мұғалімі, жоғары санатты педагог, педагогикалық өтілі 39 жыл, 10 ай. Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының иегері, оқушылары қалалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

2. Шешімі: Көтермелеумен марапаттау кезінде ескерілетін жұмыс көрсеткіштеріне сәйкес ең көп ұпай алған мұғалімдерді "Білім және ғылым министрінің Алғысына", "Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасына", "Орта білім беру ісінің үздігі" құрмет дипломына, «Еңбек ардагері» медаліне: Балабекова Айман Темиркеевна, Гылымбекова Айгерим Советпековна, Сугирбекова Айман Избасаровна, Айсанова Айнагул Амангельдиевнаны ұсыну.

**Төрайымы:** **А.Т. Сегізбай**

**Хатшы:** **Г.К. Жакиянова**